

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 258 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 22 сәуірдегі  
№ 258 қаулысына  
қосымша

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "КСРО-ның қорғаушы құжаттарымен қорғалған өнертабысқа, өнеркәсіп үлгілеріне, тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілеріне Қазақстан Республикасының қорғаушы құжаттарын беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 11 қарашадағы № 949 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасында жасалған қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіп үлгілері жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 тамыздағы № 896 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы № 987 қаулысының 13-тармағы.